

СОГЛАШЕНИЕ
между Правительством Кировской области
Российской Федерации
и Акиматом Костанайской области
Республики Казахстан
о торгово-экономическом и культурно-
гуманитарном сотрудничестве

Қазақстан Республикасы
Қостанай облысының әкімдігі мен
Ресей Федерациясы Киров облысының Үкіметі
арасындағы сауда-экономикалық және мәдени-
гуманитарлық ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ

СОГЛАШЕНИЕ

**между Правительством Кировской области Российской Федерации
и Акиматом Костанайской области Республики Казахстан
о торгово-экономическом и культурно-гуманитарном сотрудничестве**

Правительство Кировской области Российской Федерации и Акимат Костанайской области Республики Казахстан, именуемые в дальнейшем Сторонами,

принимая во внимание положения Договора о дружбе, сотрудничестве и взаимной помощи между Российской Федерацией и Республикой Казахстан от 25 мая 1992 года, а также Договора между Российской Федерацией и Республикой Казахстан о добрососедстве и союзничестве в XXI веке,

учитывая взаимную заинтересованность в развитии и укреплении торгово-экономического, научно-технического и культурного сотрудничества,

придавая важное значение поддержке предпринимательства и частной инициативы, установлению и расширению прямых связей между хозяйствующими субъектами, зарегистрированными на территории Кировской области Российской Федерации и Костанайской области Республики Казахстан (далее - хозяйствующие субъекты),

руководствуясь принципами равноправия и взаимной выгоды, признавая необходимость содействия открытому и справедливому экономическому сотрудничеству,

согласились о нижеследующем:

Статья 1

Целью настоящего Соглашения является развитие взаимовыгодного сотрудничества в области торгово-экономических отношений, индустриально-инновационного, научно-технического, гуманитарного и социально-культурного развития в следующих формах:

- поддержка взаимовыгодных инвестиций;
- обмен опытом в области индустриально-инновационного развития Кировской области Российской Федерации и Костанайской области Республики Казахстан;
- обмен информацией о результатах научно-технических разработок;
- организация взаимного обмена технологиями и знаниями;
- содействие в создании совместных предприятий по выпуску экспортно ориентированной продукции с дальнейшим продвижением ее на международные рынки;
- содействие в организации и проведении гастролей театральных и концертных коллективов;
- популяризация культурных традиций через участие в фестивалях, конкурсах, конференциях, встречах, круглых столах;
- обмен научно-педагогическими работниками и студентами;
- разработка и реализация совместных проектов в сфере образования.

Статья 2

Стороны в рамках своей компетенции создают благоприятные экономические, финансовые и правовые условия для совместной производственной, предпринимательской и иной деятельности хозяйствующих субъектов.

Статья 3

Стороны содействуют развитию малого и среднего предпринимательства на территории Кировской области Российской Федерации и Костанайской области Республики Казахстан.

Статья 4

Стороны содействуют созданию совместных предприятий на территории Кировской области Российской Федерации и Костанайской области Республики Казахстан, а также способствуют промышленной кооперации и активизации инвестиционного сотрудничества в соответствии с законодательством Российской Федерации и Республики Казахстан.

Статья 5

Стороны способствуют развитию и расширению торгово-экономического сотрудничества между хозяйствующими субъектами в следующих отраслях:

- автомобилестроение и производство сельскохозяйственной техники;
- деревообрабатывающая и мебельная промышленность;
- агропромышленный комплекс (сельскохозяйственная и продовольственная отрасли);
- легкая и косметическая промышленность.

Статья 6

Стороны способствуют развитию контактов и связей в области туризма, спорта, молодежной политики и других сферах жизни Кировской области Российской Федерации и Костанайской области Республики Казахстан.

Статья 7

Стороны содействуют обмену информацией в сфере выставочно-ярмарочной деятельности, приглашению хозяйствующих субъектов к участию в выставках, ярмарках, конгрессах, форумах, семинарах, проводимых на территории Кировской области Российской Федерации и Костанайской области Республики Казахстан.

Статья 8

Стороны в пределах своей компетенции содействуют маркетинговым исследованиям, разработке и реализации совместных инвестиционных проектов, направленных на реконструкцию, модернизацию промышленных и агропромышленных предприятий, создание новых производственных мощностей.

Статья 9

Споры и разногласия по поводу толкования, применения или выполнения настоящего Соглашения разрешаются путем консультаций и переговоров между Сторонами.

Статья 10

Изменения и дополнения в настоящее Соглашение вносятся по взаимному согласию Сторон, оформляются отдельными протоколами и являются его неотъемлемой частью.

Статья 11

Настоящее Соглашение заключается сроком на 5 лет и вступает в силу с даты получения последнего письменного уведомления о выполнении Сторонами всех внутренних процедур, необходимых для его вступления в силу.

Настоящее Соглашение автоматически продлевается на последующие пятилетние периоды, если ни одна из Сторон не позднее, чем за шесть месяцев до истечения соответствующего периода не уведомит другую Сторону в письменной форме о своем намерении прекратить действие настоящего Соглашения.


Совершено в г. _____ «___» _____ 20__ года в двух экземплярах, каждый на русском и казахском языках, причем оба текста имеют одинаковую силу.

**Правительство
Кировской области
Российской Федерации**

**Акимат
Костанайской области
Республики Казахстан**

**Врио Губернатора
Председателя Правительства
Кировской области**

**Аким
Костанайской области**



19.04.2017 ~ 108/01/2017

**Қазақстан Республикасы Қостанай облысының әкімдігі мен
Ресей Федерациясы Киров облысының Үкіметі арасындағы сауда-
экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

Қазақстан Республикасы Қостанай облысының әкімдігі және Ресей Федерациясы Киров облысының Үкіметі бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы 1992 жылғы 25 мамырдағы шарттың ережелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы ХХІ ғасырдағы тату көршілік және одақтастық туралы келісімді назарға ала отырып,

сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастықты дамыту мен нығайтудағы өзара мүдделікті ескере отырып,

кәсіпкерлік пен жеке бастамаларды қолдауға, Қазақстан Республикасы Қостанай облысы және Ресей Федерациясы Киров облысының аумақтарында тіркелген шаруашылық жүргізуші субъектілер (одан әрі — шаруашылық жүргізуші субъектілер) арасындағы тікелей байланыстарды орнату мен кеңейтуге маңызды мән бере отырып,

тең құқықтық және өзара тиімділік қағидаларын басшылыққа ала отырып,

ашық және әділ экономикалық ынтымақтастыққа жәрдемдесудің қажеттілігін ұғына отырып,

төмендегі туралы келісті:

1 - бап

Осы Келісімнің мақсаты мынадай формалардағы сауда-экономикалық қатынастар, индустриалдық-инновациялық, ғылыми-техникалық, гуманитарлық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту болып табылады:

- өзара тиімді инвестицияларды қолдау;
- Қазақстан Республикасы Қостанай облысы және Ресей Федерациясы Киров облысының индустриалдық-инновациялық дамуын ұйымдастыру мәселелері бойынша тәжірибе алмасу;
- ғылыми-техникалық әзірлемелердің нәтижелері туралы ақпарат алмасу;
- технологиялар мен білімдерді өзара алмасуды ұйымдастыру;
- кейін халықаралық нарықтарда ілгерілетумен экспортқа бағытталған өнімдерді шығару жөніндегі бірлескен кәсіпорындарды құруда қолдау көрсету;
- театр және концерт ұжымдарының гастрольдерін ұйымдастыру мен өткізуде қолдау көрсету;
- фестивальдер, конкурстар, конференциялар, кездесулер мен дөңгелек үстелдерге қатысу арқылы мәдени дәстүрлерді дәріптеу;
- ғылыми-педагогикалық қызметкерлермен және студенттермен алмасу;
- білім беру саласында бірлескен жобаларды әзірлеу және іске асыру.

2 - бап

Тараптар өз құзыреттерінің шеңберінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің бірлескен өндірістік, кәсіпкерлік және өзге де қызметтері үшін қолайлы экономикалық, қаржы және құқықтық жағдайларды жасайды.

3 - бап

Тараптар Қазақстан Республикасы Қостанай облысы және Ресей Федерациясы Киров облысының аумағында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға қолдау көрсетеді.

4 - бап

Тараптар Қазақстан Республикасы Қостанай облысы және Ресей Федерациясы Киров облысының аумағында бірлескен кәсіпорындар құруға қолдау көрсетеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының заңнамаларына сәйкес өнеркәсіптік кооперация мен инвестициялық ынтымақтастықты жандандыруға жәрдемдеседі.

5 - бап

Тараптар келесі салалардағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту мен кеңейтуге ықпал етеді:

- автомобиль жасау және ауыл шаруашылығы техникалары өндірісі;
- ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібі;
- агроөнеркәсіп кешені (ауыл шаруашылығы және азық-түлік салалары);
- жеңіл және косметика өнеркәсібі.

6 - бап

Тараптар Қазақстан Республикасы Қостанай облысы және Ресей Федерациясы Киров облыстарының туризм, спорт, жастар саясаты және тұрмыстың өзге де салаларындағы байланыстардың дамуына ықпал етеді.

7 - бап

Тараптар Қазақстан Республикасы Қостанай облысы және Ресей Федерациясы Киров облысының аумағында өткізілетін көрмелер, жәрмеңкелер, конгресстер, форумдар мен семинарларға шаруашылық жүргізуші субъектілерді қатысуға шақыруда, көрме-жәрмеңкелік қызмет саласында ақпарат алмасуға жәрдемдеседі.

8 - бап

Тараптар өз құзыреті шеңберінде маркетингтік зерттеулерге, өнеркәсіптік және агроөнеркәсіптік кәсіпорындарын қайта құруға, жаңғыртуға, жаңа өндірістік қуаттарды құруға бағытталған бірлескен инвестициялық жобаларды әзірлеуге және іске асыруға жәрдемдеседі.

9 - бап

Осы Келісімді түсіндіруге, қолдануға және іске асыруға қатысты келіспеушіліктер мен даулар Тараптар арасындағы кеңестер мен келіссөздер арқылы шешіледі.

10 - бап

Осы Келісім Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгертіледі немесе толықтырылады.

Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың өзара келісімі бойынша енгізіледі, жеке хаттамалармен рәсімделеді және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

11 - бап

Осы Келісім 5 жыл мерзімге жасалады және Тараптар оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім, егер Тараптардың біреуі тиісті мерзім аяқталғанға дейін алты айдан кешіктірмей екінші Тарапқа осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша түрде хабарламаса, келесі бесжылдық кезеңге автоматты түрде ұзартылады.

_____ қаласында 20__ жылғы «__» _____ бірдей заңдық күші бар екі данада әрқайсысы орыс және қазақ тілдерінде жасалды.

Ресей Федерациясы
Киров облысының
үкіметі

Қазақстан Республикасы
Қостанай облысының
әкімдігі

Киров облысы
губернаторының міндетін
уақытша атқарушы

Қостанай облысының
әкімі



19.04.2017 ~ 108/01/2017